

Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында бағып-күтуге және оқытуға кедергі болатын аурулардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № ҚР ДСМ-17 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 ақпанда № 26931 болып тіркелді

"Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 10) тармағына және 14-бабының 12) тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында бағып-күтуге және оқытуға кедергі болатын аурулардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын сақтау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі

Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында бағып-күтуге және оқытуға кедергі болатын аурулардың тізбесі

Арнаулы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына мынадай аурулары бар (Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесіне сәйкес 10-қайта қарау) кәмелетке толмағандар орналастырылмайды:

1. I класс. Бірқатар жұқпалы және паразиттік аурулар:

- 1) A15 - A19 Туберкулез (белсенді туберкулездің кез келген нысаны);
- 2) A30 Алапес;
- 3) A50 - A53 Мезел (белсенді нысаны);
- 4) B20 - B24 Адам иммунитет тапшығы вирусы (АИВ) тудырған ауру.

2. II класс. Өспелер:

1) C00 - C97 Кез келген орындағы қатерлі жаңа өспелер, оның ішінде лимфалық, қан өндіру және оларға ұқсас тіндердің қатерлі жаңа өспелер;

- 2) D 46 Миелодиспластикалық синдромдар;
- 3) D 47.1 Созылмалы миелопролиферациялық ауру.

3. III класс. Қанның, қан өндіру ағзаларының аурулары және иммундық механизмді қамтитын жеке бұзылулар:

1) D55 - D58 Гемолиттік анемиялар - тұқым қуалайтын және жүре пайда болатын (ауыр нысаны);

2) D 59.5 Ұстамалы гемоглобинурия, түнгі (Маркиафавының-Микельдің);

3) D60 - D61 Апластикалық анемиялар;

4) D65 - D69 Қанның ұйығыштығының бұзылуы, пурпура және геморрагиялық жағдайлар (ауыр нысандары);

5) D 76.0 Басқа Айдарларда жіктелмеген Лангерганс жасушаларынан пайда болған гистиоцитоз;

6) D80-D84 Иммундық механизм қамтылған жеке бұзылулар.

4. IV класс. Эндокриндік жүйе аурулары, тамақтану мен зат алмасудың бұзылуы:

1) E05 Тиреотоксикоз (ауыр нысаны);

2) E03, E06 Туа біткен немесе жүре пайда болған гипотиреоз (ауыр нысаны);

3) E10 1 түрі қантты диабеті (асқынған);

4) E20 Гипопаратиреоз (ауыр нысаны);

5) E22 Гипофиздің гиперфункциясы (ауыр нысаны);

6) E23 Гипопитуитаризм, церебральды-гипофизарлық ергежейлілік;

7) E23.2 Қантсыз диабет (ауыр нысаны);

- 8) E24 Иценко-Кушинг синдромы;
 - 9) E27 Созылмалы гипокортицизм;
 - 10) E53.1 Пиридоксин жеткіліксіздігі;
 - 11) E70.0 Классикалық фенилкетонурия;
 - 12) E74.0 Гликоген жиналу аурулары (Помпе ауруы (2 типті гликогеноз)
 - 13) E75.2 Лейкодистрофия;
 - 14) E76.0 - E 76.2 Мукополисахаридоз;
 - 15) E84 Жылауықты фиброз (муковисцидоз);
 - 16) E85.0 Невропатиясыз, отбасылық тұқым қуалайтын амилоидоз (Жерорта теңіздінің отбасылық қызбасы, тұқым қуалайтын амилоидты нефропатия);
 - 17) E88.0 Басқа айдарларда жіктелмеген плазма белоктары алмасуының бұзылулары (а-1- антитрипсин жеткіліксіздігі, бис-альбуминемия);
5. V класс. Психикалық және мінез-құлық бұзылулары:
- 1) F01, F02.1-F02.8, F03-F05, F06.0-F06.05, F07.1-F07.9, F09 Симптоматикалық, психикалық бұзылуларды қоса алғанда, органикалық бұзылулар;
 - 2) F1x.0-F1x1, F1x.22-24, F1x.5-F1x.9 Психикалық белсенді заттарды қолданумен байланысты психиканың бұзылулары мен мінез-құлықтың бұзылулары (аурулары);
 - 3) F20 - F29 Шизофрения, шизотиптік және сандырақтау бұзылулары;
 - 4) F30 - F33, F38 - F39 Көңіл-күйдің аффектілі бұзылулары;
 - 5) F40 - F44 Күйзелуге байланысты невротикалық және соматикалық нысанды бұзылулар;
 - 6) F70.1 - F70.8, F71 - F79 Ақыл-ой кемістігі;
 - 7) F84 Психологиялық дамудың жалпы бұзылулары.
6. VI класс. Жүйке жүйесінің аурулары:
- 1) G10 - G13 Негізінен орталық жүйке жүйесін зақымдайтын жүйелік атрофиялар (ауыр нысандары);
 - 2) G25.3, G 25.5 Экстрапирамидалық бұзылулар;
 - 3) G20.6 Таралған тартылулар (Жиль де ля Туретта);
 - 4) G30-G32 Орталық жүйке жүйесінің басқа да кері дамыған аурулары;
 - 5) G35-G37 Орталық жүйке жүйесінің миелинсіздендіру аурулары;
 - 6) G40.3-G40.9 Эпилепсия;
 - 7) G41 Эпилепсиялық мәртебе;
 - 8) G60.0 - G60.3 Тұқым қуалайтын қимылдық және сезімдік невропатия;
 - 9) G63 Басқа айдарларда жіктелетін аурулар кезіндегі полиневропатия;
 - 10) G70.0 - G70.2 Таралған нысандағы миастения;
 - 11) G70 - G71.9 Даму үстіндегі бұлшық ет дистрофиясы;
 - 12) G80.0- G80.9 Балалардың церебралдық параличі;
 - 13) G91.1 Окклюздік, қалпына келмейтін суми;

14) G 93.4 Glut 1 тапшылық синдромы (Glut I глюкозасының транспортері тапшылығы синдромы).

7. VII класс. Көз және оның қосымша аппаратының аурулары:

- 1) H40 - H42 Глаукома;
- 2) H54.0, H54.3, H54.7 Соқырлық;
- 3) H54.1 Бір көздің соқырлығы, екінші көздің нашар көруі;
- 4) H54.7 Нақтыланбаған көрмей қалу.

8. VIII класс. Құлақтың және емізік тәрізді өсіндінің аурулары:

- 1) H81.0 Вестибулярлық функцияның бұзылуы;
- 2) H90.3 Естуді екі жақты нейросенсорлы жоғалту (ауыр дәрежедегі).

9. IX класс. Қан айналымы жүйесінің аурулары:

1) I08.3 Митральды, қолқа және үш қақпақшалы клапандардың үйлескен ревматизмдік) зақымдануы;

2) I13.2 Жүрек және бүйрек функциясының жеткіліксіздігімен негізінен жүрек пен бүйректің зақымдануы бар гипертониялық ауру;

- 3) I 27.0 Өкпелік бастапқы гипертензия;
- 4) I42.0-I42.1 Кеңіген гипертрофиялық және обструктивтік кардиомиопатия;
- 5) I44.2 Жүрекше-қарыншалық толық бөгеу;
- 6) I47.1 Синкопальды жағдайдағы ұстамалы қарыншаүсті тахикардиясы;

7) I48, I49.0, I49.5 Жүрекше, қарынша бұлшық еттерінің фибрилляциясы мен лүпілдеуі, синустық түйіншектің әлсіздік синдромы (предсинкопальды немесе синкопальды жағдайлар болған жағдайда).

10. X класс. Тыныс алу мүшелерінің аурулары:

- 1) J45 Гормондық тәуелді демікпе;
- 2) J47 Бронхоэктатикалық ауру;
- 3) J84.0 Альвеолярлық және парието - альверлярлық бұзылулар;
- 4) J84.1 Өкпенің фиброз туралы ескертілген басқа интерстициалдық аурулары;
- 5) J84.8 Өкпенің нақтыланбаған интерстициалдық аурулары;
- 6) J84.9 Өкпенің анықталмаған интерстициалдық аурулары.

11. XI класс. Ас қорыту мүшелерінің аурулары:

K74 Бауыр фиброзы мен циррозы.

12. XIII класс. Сүйек-бұлшық ет жүйесі мен дәнекер тіннің аурулары:

- 1) M08 Жасөспірімдер (жеткіншектер) артриті (ауыр ағым);
- 2) M32 Жүйелік қызыл жегі;
- 3) M33 Дерматополимиозит (ауыр ағым);
- 4) M34 Таралған жүйелік беріш (терінің катаюы), даму үстіндегі нысан;
- 5) M30.0 Түйіншекті периартериит;
- 6) M30.0 Түйінді полиартерит;
- 7) M31.3 Вегенер гранулематозы;

- 8) M31.4 Аорта доғасы синдромы (Такаясу);
- 9) M31.8 Өлі еттендіруші анықталған басқа васкулопатия;
- 10) M35.2 Бехчет ауруы.

13. XIV класс. Несеп-жыныс жүйесінің аурулары:

- 1) N03 Созылмалы нефриттік синдром;
- 2) N04 Нефротикалық синдром;
- 3) N18 Созылмалы бүйрек функциясының жеткіліксіздігі.

14. XV класс. Жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезең:
O00-O99.

15. XVII класс. Туа біткен ауытқулар (даму кемістіктері), қисаю және хромосомдық бұзылу:

- 1) Q15.0 Туа біткен глаукома;
- 2) Q20.0, Q20.3, Q20.4, Q21.0-Q21.3, Q22.1, Q22.4-Q22.6, Q23.0-Q23.4, Q24.3-Q24.5, Q25.1-Q25.7, Q26.2, Q26.3, Q27.8 Қан айналымының II-A дәрежелі жеткіліксіздігімен ілесе жүретін, оның ішінде кемістікті түзеткеннен кейін, қан айналымы жүйесінің туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері);
- 3) Q56 Жынысының белгісіздігі және псевдогермафродитизм;
- 4) Q78.0 Аяқталмаған остеогенез;
- 5) Q 80 Туа біткен ихтиоз (әртүрлі нысандар), CHILD синдромы;
- 6) Q 81 Буллалық эпидермолиз.

16. XVIII класс. Басқа айдарларда жіктелмеген, клиникалық және зертханалық зерттеулер кезінде анықталған симптомдар, белгілер мен нормадан ауытқулар:

R15 Зәрді ұстай алмауымен (энурез) бірге нәжісті ұстай алмау (энкопрез).

17. XIX класс. Жарақаттар, уланулар мен сыртқы себептер әсерлерінің кейбір басқа да салдарлары:

T90 - T98 Науқасқа жеке күтім жасауды талап ететін жарақаттардың, уланулардың және сыртқы себептердің басқа да әсерлерінің салдарлары.